



## БҮЙРЫҚ

21.01.2019г № 01-05/23

Алматы қаласы

## ПРИКАЗ

город Алматы

Г 7  
«Допингке қарсы ұлттық орталық» РМҚК  
қызметкерлерінің мінез-құлқының сыйбайлас  
жемқорлыққа қарсы стандартын және оның  
сипатын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы  
Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған «Допингке қарсы ұлттық орталық» РМҚК  
қызметкерлерінің мінез-құлқының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты  
(бұдан әрі – Стандарт) бекітілсін.
2. Қәсіпорын қызметкерлері Стандартпен жазбаша түрде  
тәнисстырылсын.
3. Қәсіпорының интернет-ресурсында Стандарттың мәтіні орнатылсын.

Директор

М. Бақашева

«Допингке қарсы ұлттық орталық»  
РМҚК директоры  
2019 жылдың 01 2019 м.  
№ 01-05/23 бүйрығымен бекітілген

**«Допингке қарсы ұлттық орталық» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметкерлерінің мінез-құлқының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

1. «Допингке қарсы ұлттық орталық» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметкерлерінің мінез-құлқының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі - Стандарт) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңының 10-бабына сәйкес әзірленген және Допингке қарсы ұлттық орталықтың іс-әрекетін ақпараттық-аналитикалық, үйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыру барысында туындайтын қоғамдық қатынастар саласында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсыныстар жүйесі.

2. Стандарт Допингке қарсы ұлттық орталық қызметкерлерінің (бұдан әрі - қызметкерлер) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын, сыйбайлас жемқорлықтың кез-келген көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыруға, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтауға және олардың жағымсыз салдарларын болдырмауға бағытталған.

3. Стандарттар принциптері:

- 1) занымыс;
- 2) ашықтық;
- 3) әдептілік;
- 4) жеке және занды тұлғалардың занды құқықтары мен занды мүдделерін сақтау және оларды сыйбайлас жемқорлықтан қорғау;
- 5) мүдделер қайшылығын болдырмау.

4. Қызметкерлер өз лауазымдық міндеттерін атқару кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын басшылыққа алады және саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің және олардың органдарының шешімдерімен байланысты болмайды.

5. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметкерлер:

1) жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мүдделерін іске асыру кезінде төмендегілерді қамтамасыз етеді:

азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басымдығын, өтінішті қараған кезде бюрократия мен сарсанға салу көріністеріне жол бермеуді; азаматтардың құқықтары мен занды мүдделерін іске асырудың ең жуық мерзімін; қызметтердің стандарттары мен регламенттеріне сәйкес қызметтер көрсетуді; тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көз қарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген басқа да жағдайларға байланысты қандай да бір кемсітусіз тен қолжетімділікті;

азаматтардың өтініштерін қарағанда осы іс тапсырылған адамға қатысты мәселені әділ шешуге мүдделі емес деп санауға негіз бар жағдайларға жол бермеуді;

шағымды шағымданған адамға зиян келтіре немесе оның пайдасына шешу; өтініште іс-әрекеттеріне шағым түсіп отырған лауазымды тұлғаларға өтініштерді жіберу;

азаматтардың рұқсатынсыз олардың жеке өмірі, дербес және отбасы құпиясы жайлы ақпараттарды тарату мүмкіндіктері;

2) Өз құзыреттілігінің аясында басқару мен басқа да шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде төмендегілерді қамтамасыз етеді:

барлық құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың құзыреттілігі мен үйлесімді жұмыс істеуін айқын жіктеуді;

лауазымдық өкілеттіктерді орындауға қатысы жоқ және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға бағытталған бұйрықтар мен нұсқауларды беруге жол бермеуді;

кадрларды туыстық, жерлестік және жеке басына деген адалдық негізінде ірікте, орналастыру жағдайларын болдырмауды;

қабылданып жатқан шешімдердің зандылығына жеке басының жауапкершілігін;

3) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

нормативтік құқықтық актінің Қазақстан Республикасының заңнамасында осы актіні қабылдау құзыреттілігі тікелей ескерілген жағдайларда ғана қабылдануын қамтамасыз етеді;

Күнделікті қызмет барысында:

қоғамның қызмет, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтайды және нығайтады;

жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтайды;

білік органдарының беделін қолдауды қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының беделін түсіретін және қызмет мүдделеріне қайши келетін әрекеттерді болдырмау, оның ішінде сыйайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру және қызметкерлерге арналған заңнамада белгіленген тыбым салулар мен шектеулерді қатаң сақтау;

қызметтік өкілеттіктер мен оларға негізделген беделді жеке бастың, топтың мүддесі және өзге де қызметтен тыс мүдделер үшін пайдалануға апарып соғатын әрекет жасауға жол бермейді;

қажет болған жағдайда тікелей жетекшісіне мүдделер қайшылығының пайда болуы, қызметтік міндеттерді орындауда жеке мүддесін көздеу, сыйбайлас жемқорлық әрекетіне және сыйлықтар алуға бейімдеу немесе сыйбайлас жемқорлықтағы құқық бұзушылықтың белгілі жағдайлары туралы мәлімдейді.

таратуға болмайтын қызметтік және өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен жеңілдіктерді алу немесе пайдасын көру мақсатында пайдаланбайды;

жақын туыстық қатынастағы тұлғаларды (ата-анасы, жұбайы, ага-інілері, апасінлілері, балалары) өзіне тікелей бағынатын немесе бақылауында болатын қызметке тағайындаудан бас тартады;

жоғары құқықтық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдайды;

қызметтік тәртіп пен қызметтік әдепті сақтайды;

өзінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық жауапкершіліктерге тартылады.

#### Жетекші:

өзінің мінез-құлқы арқылы риясыздықтың, әділдіктің, адал ниеттіліктің, жеке тұлғаның намысы мен абыройын құрметтеудің үлгісін көрсетеді;

басшылықты жеке-дара өкім беру арқылы іске асырады және қабылданып жатқан шешімдерінің зандаулығына жеке басымен жауапты;

қол астындағылардан олардың лауазымдық өкілеттілігінің шегінен шығатын тапсырмаларды орындаудын талап етпейді;

сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мен жемқорлық құқық бұзушылыққа алып келетін себептер мен жағдайларды жоюда түбебейлі шаралар қолданады;

қол астындағы қызметкерлер арасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың жағдайы мен олардың жемқорлық құқық бұзушылық жасауына жол бермеуіне жеке басымен жауапты.